**БЕКІТЕМІН**

**«Білəл ата» бөбекжай-балабақшасы»**
**ЖШС-нің меңгерушісі**
**_________Ж.Кинатова**
**29.08.2023 жыл**

**«Білəл ата» бөбекжай-балабақшасының**
**2023 – 2024 оқу жылындағы педагогикалық кеңесінің жоспары**

| Педагогикалық кеңес тақырыбы | Өткізілу түрлері | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| **№ 1 педагогикалық кеңес:**<br>1. № 5 педагогикалық кеңестің қаулысының орындалуы туралы<br>2.Балабақшаның жаңа 2023-2024 оқу жылына дайындығы<br>3. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектеп алды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тəрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы əдістемелік нұсқау хатпен таныстыру<br>4. Жаз мезгілінің есебі<br>5. Топтардың перспективалық жоспарын бекіту<br>6.Балабақша мамандарының жоспарларын талқылап бекіту (психолог,медбике)<br>жоспарларын талқылап бекіту. | Кеңес | тамыз | Балабақша меңгерушісі<br><br>Əдіскер<br><br>Тəрбиешілер<br><br>Медициналық қызметкер, психолог |
| **№ 2 педагогикалық кеңес:**<br>1.№ 1 педагогикалық кеңестің қаулысының орындалуы туралы<br>2.Кеңес «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?»<br>3. Денсаулық сақтау технологиясының тиімді əдіс - тəсілдерін іс- əрекетке енгізу. | дөңгелек үстел | қараша | Балабақша меңгерушісі<br><br>Медициналық қызметкер<br><br>Тəрбиеші |
| **№ 3 педагогикалық кеңес:**<br>1. № 2 педагогикалық кеңестің қаулысының орындалуы туралы<br>2. «Педагогтардың жұмысын ұйымдастыруда əдіскермен бірлескен жұмыстар» | дөңгелек үстел | Қаңтар | Балабақша меңгерушісі<br>Əдіскер |

**«БІЛӘЛ АТА» бөбекжай-балабақшасы» ЖШС**

Педагогикалық кеңестің №1 ХАТТАМАСЫ
Өткізілген күні: « 29 » тамыз 2023 жыл
Уақыты: 08:00
Өткізілу орны:Мәжіліс залы
Төрағасы: Ж.Кинатова (Балабақша меңгерушісі)
Хатшысы: Ш.Аскарова (Педагог/әдіскер)
Қатысқандар: 6 педагог

1. Тәрбиеші - Ж.Садыкбекова
2. Тәрбиеші - А.Жаманкараева
3. Тәрбиеші - М.Дәрімбекова
4. Тәрбиеші - Г.Абдрахманова
5. Медбике – Ф.Бердалиева

Қатыспағандар: жоқ.
КҮН ТӘРТІБІ:
1. «Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт»*тұжырымдамасы аясында мектепке дейінгі ұйымның негізгі міндеттері мен мақсаттары.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын іске асыру және балалардың бойында жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру (адалдық, еңбекқорлық, отансүйгіштік).
3. Балабақшадағы білім беру сапасын арттыру: инновациялық әдіс-тәсілдер мен заманауи технологияларды қолдану.
4. Әртүрлі мәселелер. Ағымдағы бақылау қорытындылары.

I. ТЫҢДАЛДЫ:
Күн тәртібіндегі бірінші және екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ж.Кинатова сөз сөйледі. Ол өз сөзінде Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» бағытын басшылыққа ала отырып, бөбекжай-бақшасындағы тәрбие жұмысын жаңа деңгейге көтеру қажеттігін атап өтті. Сапалы білім беру — баланың ерте жастан жан-жақты дамуының негізі. «Адал ұрпақ» тәрбиелеу мақсатында балалардың бойына кішіпейілділік, үлкенге құрмет, адалдық сияқты құндылықтарды ойын және ертегілер арқылы сіңіру маңызды екеніне тоқталды.
Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ш.Аскарова баяндама жасады. Әдіскер жаңартылған үлгілік бағдарламаның талаптарын түсіндіріп, балалардың еркін ойлауын, шығармашылығын дамытуға бағытталған жобалармен таныстырды. Сонымен қатар, ата-аналармен бірлескен «Адалдық дүкені», «Отбасылық оқулықтар» сияқты тәрбиелік шараларды ұйымдастыруды ұсынды.

ЖАРЫССӨЗГЕ ШЫҚҚАНДАР:
Тәрбиеші Ж.Садыкбекова Сөз сөйлеуші өз тобында балалардың бойына адалдық пен достық сезімдерін ұялату мақсатында қолданылып жүрген сюжеттік-рольдік ойындар туралы бөлісті. Тәрбие сағаттарын ұлттық құндылықтармен байланыстыра өткізудің тиімділігін айтты.
Тәрбиеші А.Жаманкараева Балалардың эмоционалдық интеллектін дамыту және «сапалы білім» беруде өнер мен музыканың, психологиялық тренингтердің рөлі зор екенін атап өтті.

II. ТЫҢДАЛДЫ:
Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша орта топ тәрбиешісі М.Дәрімбекова шығып, өз тәжірибесінде қолданып жүрген инновациялық технологиялар (мнемотехника, ТРИЗ элементтері, СТЕМ-технологиялар) туралы баяндап, олардың баланың логикалық ойлауын дамытуға тигізер әсерін көрсетті.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ (ҚАУЛЫ):

1. «Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» тұжырымдамалық бағыттары «Біләл ата» бөбекжай-бақшасының 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспарының негізі ретінде басшылыққа алынсын.
2. Барлық топ тәрбиешілері күнделікті оқу-тәрбие процесінде балалардың бойында ұлттық құндылықтарды, адалдық пен еңбекқорлықты қалыптастыратын ашық іс-шаралар мен ұлттық ойындарды жүйелі түрде ұйымдастырсын. Жауаптылар: топ тәрбиешілері, мерзімі: тұрақты.
3. Білім сапасын арттыру мақсатында тәрбиешілер өз жұмысында инновациялық және СТЕМ-технологияларды белсенді қолдансын. Әдіскер осы бағытта өзара тәжірибе алмасу семинарларын ұйымдастырсын. Жауапты: әдіскер, мерзімі: қараша-желтоқсан айлары.
4. Ата-аналармен байланысты күшейту мақсатында «Адал ұрпақ — отбасынан» тақырыбында дөңгелек үстелдер мен бірлескен жобалар өткізілсін.

Төраға: ____________ (Қолы) / (Аты-жөні) Ж.С. Кенжатова

Хатшы: ____________ (Қолы) / (Аты-жөні)











**«БІЛӘЛ АТА» бөбекжай-балабақшасы» ЖШС**
Педагогикалық кеңестің №2 ХАТТАМАСЫ
Өтікізілген күні: «5» қараша 2023 жыл
Уақыты:
Өткізілу орны: Мәжіліс залы
Төрағасы: Ж.Кинатова Балабақша меңгерушісі
Хатшысы:Ш.Аскарова Педагог/әдіскер
Қатысқандар: 4 педагог
Қатыспағандар: жоқ

КҮН ТӘРТІБІ:
1. №1 педагогикалық кеңес қаулыларының орындалу барысымен таныстыру.
2. «Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» тұжырымдамасы аясында топтар балаларының балабақшаға бейімделу (адаптация) кезеңінің қорытындысы.
3. Мектепке дейінгі ұйымда балалардың тілін дамыту және ойын әрекеттері арқылы ұлттық құндылықтарды сіңіру жолдары.
4. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, техникалық қауіпсіздік ережелерінің сақталуы (қысқы кезеңдегі қауіпсіздік шаралары).

I. ТЫҢДАЛДЫ:
Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша хатшы Ш.Аскарова сөз алып, қыркүйек айында өткен №1 педкеңестің шешімдері (жылдық жоспарды бекіту, топтарды жасақтау) толық орындалғанын хабарлады.
Екінші мәселе бойынша балабақша психологы Ш.Аскарова баяндама жасады. Ол 2023 жылдың күз айларында жаңадан келген бүлдіршіндердің бейімделу картасының нәтижелерін ұсынды:
Жеңіл дәрежеде бейімделгендер – 65%
Орташа дәрежеде бейімделгендер –20%
Ауыр дәрежеде бейімделгендер – 15%
Психолог ауыр дәрежедегі балалармен және олардың ата-аналарымен жеке кеңес беру жұмыстары жүргізіліп жатқанын, жалпы адаптация процесінің сәтті өткенін атап өтті. Топ тәрбиешілеріне балалардың эмоционалдық жағдайын тұрақтандыру бойынша ұсыныстар берілді.

II. ТЫҢДАЛДЫ:
Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ш.Аскарова сөз сөйледі. Ол «Сапалы білім, адал ұрпақ» бағыты аясында балалардың тіл байлығын дамытуда ұлттық ойындар мен ауыз әдебиеті үлгілерін (бесік жырлары, мақал-мәтелдер) қолданудың маңызына тоқталды. Топтардағы сөйлеу орталықтарының жабдықталу деңгейіне жасалған талдауды оқып берді.
Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ж.Кинатова қысқы кезеңде серуендеу уақытында балалардың қауіпсіздігін қатаң сақтауды, ғимарат ішіндегі жылу мен тазалық режимін бақылауда ұстауды ескертті.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ (ҚАУЛЫ):
1. Жаңадан қабылданған балалардың бейімделу кезеңі бойынша психолог пен тәрбиешілердің жұмысы «қанағаттанарлық» деп есептелсін. Ауыр дәрежедегі балалармен жеке жұмыс жоспары жалғастырылсын.
2. Балалардың сөздік қорын және тілін дамыту мақсатында барлық топтарда ұлттық ойын элементтері (асық ойындары, сюжеттік ойындар) күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттерге міндетті түрде енгізілсін. (Жауаптылар: тәрбиешілер; мерзімі: тұрақты).
3. Қысқы кезеңде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында серуендеу алаңдарының қауіпсіздігі (мұз, қардан тазарту) қатаң қадағалансын. Тәрбиешілерге нұсқамалық түсіндірме жұмыстары жүргізілсін. (Жауапты: шаруашылық меңгерушісі, тәрбиешілер).

Төрага: ______________________ (Қолы)
Хатшы: ______________________ (Қолы)

**«БІЛӘЛ АТА» бөбекжайбалабақшасы» ЖШС**

Педагогикалық кеңестің №3 ХАТТАМАСЫ
Өткізілген күні:«26» ақпан 2023 жыл
Уақыты:
Өткізілу орны: Мәжіліс залы
Төрағасы: Ж.Кинатова - Балабақша меңгерушісі
Хатшысы: Ж.Садыкбекова - әдіскер
Қатысқандар: 4 педагог
Қатыспағандар: жоқ
КҮН ТӘРТІБІ:
1. №2 педагогикалық кеңес қаулыларының орындалу барысы туралы ақпарат.
2. «Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» тұжырымдамасы аясында I жартыжылдықтың оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы және балалардың аралық (қысқы) даму мониторингінің нәтижелері.
3. Мектепке дейінгі ұйымда ұлттық құндылықтарды дәріптеу: балалардың бойында Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікті дамыту және патриоттық тәрбие беру құралдары.
4. Педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру және аттестациядан өту барысы (немесе өзара сабаққа қатысу қорытындылары).

I. ТЫҢДАЛДЫ:
Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша хатшы Ж.Садыкбекова сөз алып, өткен №2 педкеңестің қаулысында көрсетілген тапсырмалардың (балалардың бейімделуі, қысқы қауіпсіздік шаралары) орындалу деңгейі туралы баяндады. Барлық топтарда жұмыс жоспарға сай жүргізілген.
Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ж.Садыкбекова сөз сөйледі. Ол I жартыжылдықтың қорытындысы бойынша балалардың даму карталары мен бақылау нәтижелеріне тоқталды. Сапалы білім беру стандартына сәйкес, балалардың бес даму саласы (денсаулық, таным, тіл, шығармашылық, әлеуметтік дағдылар) бойынша аралық көрсеткіштерді талдады. Қыркүйек айымен салыстырғанда балалардың өз бетінше әрекет ету және сөйлеу дағдыларының өскені байқалған. Алайда, ересек топтарда ұсақ моторика мен логикалық ойлау тапсырмаларына әлі де назар аудару қажеттігін ескертті.
ЖАРЫССӨЗГЕ ШЫҚҚАНДАР:
Орта топ тәрбиешісі М.Дәрімбекова Жартыжылдықта атқарылған ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен ата-аналармен бірлесіп жасалған көрмелер туралы айтып өтті.

II. ТЫҢДАЛДЫ:
Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша ересек топ тәрбиешісі Г.Абрахманова баяндама жасады. «Адал ұрпақ» тәрбиелеудің негізі — отансүйгіштік пен ұлттық тәрбиеде екенін айта келе, өз тобында қолданылатын «Шежіре», «Менің Отаным — Қазақстан» атты шағын жобалардың барысымен таныстырды. Балаларға ұлттық аспаптар мен салт-дәстүрлерді танытудың тиімді әдістерін көрсетті.
Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ж.Кинатова сөз сөйлеп, 2023 жылы аттестациядан өтетін педагогтардың құжаттарының дайындығын және біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесінің сақталуын бақылады. Педагогтардың өз білімін жетілдіру жұмыстарына оң баға берді.
ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ (ҚАУЛЫ):
1. Балабақшаның I жартыжылдықтағы оқу-тәрбие жұмысы мен балалардың аралық даму мониторингінің қорытындысы «қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. Даму деңгейі бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен балалармен (әсіресе логика мен тіл дамыту бағытында) II жартыжылдықта жеке дамыту жұмыстары күшейтілсін.
(Жауаптылар: топ тәрбиешілері, мамандар; мерзімі: мамыр айына дейін).

3. Балалардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру мақсатында балабақша деңгейінде ұлттық нақыштағы «Наурыз» мейрамына дайындық жұмыстары ерте бастан қолға алынып, тәрбиелік шаралар жоспарлансын. (Жауаптылар: тәрбиешілер, музыкалық жетекші).

4. Аттестациядан өтуші педагогтардың портфолиолары мен ашық сабақтарының сапасы әдіскер тарапынан қатаң қадағалансын. (Жауапты: әдіскер; мерзімі: ақпан-наурыз).

Төраға: ______ (Қолы)

Хатшы: ______ (Қолы)

**«Біләл ата» бөбекжай-балабақшасы**
**Педагогикалық кеңестің**
**№ 4 хаттамасы**

«24» мамыр 2024 ж. Қатысқандар: ____

**Күн тәртібінде:**

1.№ 3 педагогикалық кеңес қаулысының орындалуы.
2.2023 – 2024 оқу жылындағы балабақша жұмысының есебі.
3.2024 жылғы жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын бекіту

1. № 2 педагогикалық кеңестің қаулысының орындалуы туралы
2. «Бала тілін дамытуда психологиялық ойындардың қосар үлесі»
3. «Педагогтардың жұмысын ұйымдастыруда әдіскермен бірлескен жұмыстар».

**Бірінші мәселе** бойынша балабақша меңгерушісі **Ж.Кинатова** сөз сөйледі. Бүгінгі таңда барлық балабақшада болып жатқан іс – шаралар, сонымен қатар барлық жағдайлармен меңгерушімен ақылдаса отырып, іске асырылатындығын атап өтті. Бұл балабақша ішіндегі психологиялық ахуалды қалыпты ұстауға көп ықпал ететіндігін атап өтті.

**Екінші мәселе** бойынша сөзді балабақша әдіскері Ш.Аскарова алды.

Ш.Аскарова өз сөзінде 2023 – 2024 оқу жылындағы атқаралған жұмыстарға қысқаша шолу жасап өтті.

«Біләл ата» бөбекжай-балабақшасы оқу жылын 2 топпен 50 баламен бастаған болатын. Бүгінгі күні тәрбиеленушілер саны 50 құрап отыр.

Оқу жылының барысында балаларға Ж.Садыкбекова, Г.Абдрахманова, М.Дәрімбекова, А.Жаманкараева педагог тәлім – тәрбие берді. Сонын ішінде, Ж.Кинатова меңгеруші, Ш.Аскарова әдіскер, Ш.Аскарова психолог, Ж.Садыкбекова тәрбиеші болды.

Сонымен қатар, мынадай М.Дәрімбекова, А.Жаманкараева педагогтар өз білімдерін жетілдірді.

Балабақшада топ тәрбиешілері балалармен мынадай қызықты іс – шаралар өткізді:

Ата – аналармен бірлесе отырып, «Айгерім» және «Диана» тобының тәрбиешілері шараларды өткізуге ат салысты.

**Үшінші мәселе** бойынша сөзді балабақша әдіскері Ш.Аскарова алды.

Биылғы жылдың жазғы сауықтыру кезеңі жылдағыдан өзгеше болмақ.

Мектепке дейінгі ұйымның жазғы сауықтыру кезеңдегі жұмысының негізгі мақсаты - сауықтыру жұмысын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін неғұрлым тиімді жағдайлар жасау.

Жаз мезгілінде таза ауада болу баланың ағзасын нығайтады және шынықтырады, оның жан-жақты дамуына оң әсер етеді. Дәл осы кезең мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту үшін пайдаланылады.

Мектепке дейінгі ұйымда жазғы сауықтыру жұмысын дұрыс ұйымдастыру балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайтуға, олардың танымдық қызығушылықтарын дамытуға, сондай-ақ атааналарға (заңды өкілдерге) шынықтыру және сауықтыру мәселелері бойынша қажетті әдістемелік көмек ұсынуға мүмкіндіктер береді.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің міндеттері дені сау, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруді және қазіргі педагогикалық әдістерді ұлттық ерекшеліктермен үйлесімді ұштастыру негізінде баланы ерте дамыту процесінің тұтастығын қамтамасыз етуді қарастырады. Сонымен қатар, рухани -адамгершілік құндылықтар негізінде, ұлттық мәдениет пен отбасылық дәстүрлер арқылы баланың жеке қасиеттерін қалыптастыру жалғасады. Бұл міндет ойын, денсаулық сақтау, жеке тұлғаға бағытталған және басқа да тиімді технологиялар мен әдістер арқылы жүзеге асырылады.

Жаз мезгілінде балаларды сауықтыру жүйесіне баса назар аударылады, ол мыналарды қамтиды:

-балалармен дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары *(таңертеңгі жаттығу, спорттық және қимылды ойындар, дене жаттығулары, дене шынықтыру мерекелері мен сауық-кештер);*

-пайдалы тамақтану рационы *(жемістер мен көкөністер, шырындар, дәрілік шөптерден жасалған шай және т. б.);*

- бала ағзасын шынықтыру *(күн сәулесі және ауа ванналары, шөптің үстінде жалаң аяқ жүру, шомылу және т. б.);*

- балалар туризмі (*жаяу, велосипедпен*), экскурсиялар, табиғатта серуендеу және т.б.).

- мерекелік шаралар;

-балаларды сауықтыру бойынша ата-аналармен (заңды өкілдермен) жүргізілетін ағарту жұмыстары;

профилактикалық іс-шаралар *(сколиоз, жалпақ табан, көру қабілетінің бұзылуының алдын алуға арналған арнайы жаттығулар кешені).*

Әдістемелік құралда мектепке дейінгі ұйымда балаларды сауықтыру және шынықтыру жұмыстарын ұйымдастыру туралы толықтай жазылған. Сол себепті жаздық циклограмма жазуда осы нұсқаулықты пайдаланған жөн.

**Қаулы:**

1. № 3 педагогикалық кеңестің қаулысының орындалуы қанағаттарлық деп есептелсін.
2. Балабақша әдіскері Ш.Аскарова 2023 – 2024 оқу жылындағы балабақша жұмысының есебі қанағаттанарлық деп есептелсін.
3. Балабақша тәрбиешілері жаздық циклограмманы жазуда **«Мектепке дейінгі ұйымдарда жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар»** әдістемелік нұсқау хаты назарға алынсын.

Жиналыс төрайымы: ________ Ж. Жапатова

Хатшы: ________ Ш. Аскарова

БЕКІТЕМІН
«Білал ата» бөбекжай-
балабақшасы»
ЖШС-нің меңгерушісі
__________Ж.Кинатова
29.08.2024 жыл

## Балабақша педагогикалық кеңесінің жұмыс жоспары

**Мақсаты:** тәрбие-білім беру үдерісінің деңгейін арттыру, педагогика ғылымының жетістіктері мен озық тәжірибені практикада пайдалану үшін балабақша ұжымының күш-жігерін біріктіру.

| № | Күн тәртібі | Өткізу күні | жауапты |
|---|---|---|---|
| 1. № 1 Педагогикалық кеңес<br>Нұсқаушы<br>**«Білал ата» бөбекжай-балабақшасы жаңа оқу жылы қарсаңында»**<br>**Өткізу нысаны:**<br>отырыс | 1. Ұжымды жаңа 2024/2025 оқу жылына арналған мақсаттар мен міндеттермен таныстыру.<br>2.Тәрбиешілерді жаңа оқу жылына арналған сабақтар торымен таныстыру.<br>3.Әдістемелік кеңес мүшелерін таңдау<br>4.Кадрларды орналастыру<br>5.Педагогтердің біліктілігін арттыру, аттестаттау курстарынан өту кестесімен танысу (педагогтердің тізімін бекіту).<br>6.Жас педагогтарға тәлімгерлікті ұйымдастыру, педагог-тәлімгерлерді анықтау.<br>**7. Педкеңес міндеті:**<br>**30.09.2024 ж. дейін** өткізу:<br>• «Балалар және төтенше жағдайлар» ТЖ сабағы (реферат, фотоессе);<br>• «Балалар достасады, тілдер достасады!» балалар сурет конкурсы (Қазақстан халықтарының тілдері күніне) | Тамыз | Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, педагогтар |
| 2. № 2 Педагогикалық кеңес<br>«Білім беру процесінде инновациялық технология қолдану»<br>**Өткізу нысаны:**<br>**Дөңгелек үстел** | 1.Алдыңғы педагогикалық кеңестің тапсырмасының орындалуын талдау.<br>2. «МДҰ-да ойын технологиясы» хабарлама<br>3. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудағы даму технологиялары (презентация).<br>4. «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолының ұсақ моторикасын дамыту үшін ойын технологияларын қолдану» шеберлік сыныбы (жас топтардың тәрбиешілері).<br><br>**5. Педкеңес міндеті:**<br>• Тәуелсіздік күніне арналған | Қараша | Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, педагогтар |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | суреттер көрмесі.<br>• «Біздің жаңа жылдық ғажайып» қолөнер байқау - конкурсы | | |
| 3. № 3 Педагогикалық кеңес «Педагогикалық ассамблея».<br>**Өткізу нысаны**: озық педагогикалық жұмыс тәжірибесінің презентациясы | 1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімін орындау нәтижелері.<br>2. Үлгі бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг нәтижелері.<br>3. «Қазақ халқының халықтық салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды патриоттық тәрбиелеу» хабарламасы<br>4. «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін ойын арқылы дамыту».<br>5. «Мектеп жасына дейінгі баланың танымдық құзыреттілігін ойын арқылы дамыту»<br>6. Ересек мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін тәрбиелеу құралы ретінде эксперименттік қызмет».<br>7. «Дене шынықтыру бойынша балабақшадағы тыныс алу жаттығулары».<br>**8. Педкеңес міндеті:**<br>• 01.02-28.02.2025 ж. «Ғажайып қыс» қар фигуралары көрмесін өткізу.<br>• 8 наурызға қолөнер және «Қош келдің—жыл басы Наурыз!» шығармашылық жұмыс көрмесін ұйымдастыру. | Қаңтар | Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, педагогтар |
| 4. № 4 Педагогикалық кеңес<br>«Мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру»<br>**Өткізу нысаны:** сұхбат | 1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуын талдау.<br>2. «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған әдіс пен тәсілдер» (презентация).<br>3. «Ойын – әлеуметтік мінез-құлықты, өзін-өзі көрсетуді қалыптастыру құралы ретінде» жұмыс тәжірибесінен (презентация).<br>4. «Балалармен қарым-қатынасты қалыптастыру бойынша тәрбиешілерге арналған ұсыныстар» (презентация).<br>**5. Педкеңес міндеті:**<br>• Патриоттық тәрбие бойынша папканы тексеруге дайындау.<br>• Гүл көшеттерін өсіру.<br>• 01.05-не «Біздің сүйікті Қазақстан» байқау – конкурсы | Наурыз | Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | (үздік ұлттық бұрыш конкурсы) | | |
| № 5 Педагогикалық кеңес<br>«Оқу жылының қорытындысы»<br>**Өткізу нысаны**:<br>Дөңгелек үстел | 1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуын талдау.<br>2. Үлгі бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг жүргізу туралы есеп.<br>3. Балалардың даму деңгейінің психологиялық диагностикасы.<br>4. Тәрбиешілерді жазғы сауықтыру маусымына арналған жұмыс жоспарымен таныстыру. Сабақ торын, күн тәртібін бекіту. | Маусым | Меңгеруші, әдіскер, барлық жас тобы тәрбиешілері, мамандар, педагог-психолог |

**«Біләл ата» бөбекжай-балабақшасы**
**Педагогикалық кеңестің**
**№ 1 хаттамасы**

«29» тамыз 20224 ж. Қатысқандар: __

**Күн тәртібінде:**

1. Ұжымды жаңа 2024/2025 оқу жылына арналған мақсаттар мен міндеттермен таныстыру.
2.Тәрбиешілерді жаңа оқу жылына арналған сабақтар торымен таныстыру.
3.Әдістемелік кеңес мүшелерін таңдау
4.Кадрларды орналастыру
5.Педагогтердің біліктілігін арттыру, аттестаттау курстарынан өту кестесімен танысу (педагогтердің тізімін бекіту).
6.Жас педагогтарға тәлімгерлікті ұйымдастыру, педагог-тәлімгерлерді анықтау.
**7. Педкеңес міндеті**:
**30.09.2024 ж. дейін** өткізу:

- «Балалар және төтенше жағдайлар» ТЖ сабағы (реферат, фотоесеп);
- «Балалар достасады, тілдер достасады!» балалар сурет конкурсы (Қазақстан халықтарының тілдері күніне)

**Бірінші мәселе** бойынша балабақша меңгерушісі Ж.Кинатова сөз сөйледі. Педагогтар қауымын жаңа оқу жылымен құттықтай отырып, алдағы оқу жылының мақсаттары мен міндеттерімен таныстырып өтті.

**Мақсаты:**

Мектепке дейінгі жастағы балалардың коммуникативтік физикалық шығармашылық қабілеттерін дамытып ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу

**Міндеттері:**

Балалардың денсаулығын нығатайтып, өмірін қорғау қауіпсіз дамытушы орта құру

Ойын арқылы балалардың коммуникативтік физикалық танымдық қабілеттері мен шығармашылық дамыту әлеуметтік эмоционалды дағдыларын қалыптастыру

«Жеті ойыншық» авторлық жобасы мен қазақ халқының салт дәстүрлері арқылы балаларды патриотизмге отан сүйгіштікке тәрбиелеу

Балабақша мен ата-аналардың ынтамақтастығын арттыру.

Тәрбиелешілердің күнделікті жоспарлары осы мақсат пен міндеттерді орындау мақсатында құрылуы тиіс.

**Екінші мәселе** бойынша сөз кезегін балабақша әдіскері Ж.Садықбекова алды. 2024 - 2025 оқу жылында балабақшамыз 2 топты қамтып, барлығы 50 бала тәрбиеленіп отыр. 2 топқа барлығы 4 тәрбиеші жұмыс жасайды. Осыған сәйкес оқу жұмыс жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсанындағы № 557 бұйрығы (өзгеріс: 09.09.2022 № 394 бұйрығы) негізінде жасалынған, сол кезде қолданыста болған ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» бұйрығының 1 – қосымшасымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2 тарауының 4 тармағының 1) тармақшасы талаптарына сәйкес құрылды. Оқу жұмыс жоспары «Диана» ортаңғы тобы мен «Айгерім» ересек топтарына арнап ҮОЖ негізінде талапқа сәйкес жасалды.

**Үшінші мәселе** бойынша әдіскер Ж.Садыкбекова балабақшада тәрбиешілерге әдістемелік көмек ұйымдастыру мақсатында әдістемелік кеңес жұмыс жасайды. Осы әдістемелік кеңес мүшелерін сайлап алайық. Дауыс беру қорытындысы негізінде, әдістемелік кеңес мүшелері сайланды.

**Төртінші мәселе** бойынша балабақшада Ж.Садыкбекова әдіскер, және 4 тәрбиеші жұмыс жасайды. Бүгінгі таңда балабақшаға мамандар қажеттілігі жоқ (немее қандай мамандар керектігі атап өтіледі).

**Бесінші мәселе** бойынша балабақша меңгерушісі жоспар бойынша педагогтардың ішінде биылғы жылы өз біліктілік санатын арттыруға төмендегі педагогтардың мерзімдері келіп отыр: Сол себепті, үстіміздегі жылы аталған педагогтар өз портфолиоларын толтырып, жаңартып, біліктілігін арттыру мақсатында жасалған жұмыс жоспарына сәйкес жұмыс жасауы қажет.

Сонвымен қатар, біліктілік арттыру курстарынан өтпеген педагогтар осы брйы жылында біліктілік арттыру курстарынан бекітілген кестеге сай өтулері тиіс.

**Алтыншы мәселе** бойынша, балабақшамызда 1 жас маман бар. Олар: А.Пернебай. Аталған жас мамандарға Ж.Садыкбекова тәлімгер болып бекітіледі. Тәлімгер педагог жас маманмен жұмыс жоспары құрылып, сол бойынша жұмыстар атқарылуы тиіс.

Бұдан басқа, барлық топтардың тәрбиешілеріне төмендегідей тапсырма:
**30.09.2024 ж. Дейін мынадай іс – шаралар өткізілуі тиіс:**

- «Балалар және төтенше жағдайлар» ТЖ сабағы (реферат, фотоесеп);
- «Балалар достасады, тілдер достасады!» балалар сурет конкурсы (Қазақстан халықтарының тілдері күніне)

**Қаулы:**

1. Балабақшаның 2024 – 2025 оқу жылының мақсаты мен міндеттері бекітілсін.
2. Балабақшаның 2024 – 2025 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары бекітілсін.
3. 2024 – 2025 оқу жылының әдістемелік кеңес мүшелері бекітілсін.
4. Топтар тәрбиешілерінің перспективалық жоспарлары 5 қыркүйекке дейін бекітілсін.
5. 2024 – 2025 оқу жылында «Білал ата» балабақшасының педагогтердің біліктілігін арттыру, аттестаттау курстарынан өту кестесі бекітілсін.
6. Тәлімгерлердің жас мамандармен жұмыс жоспарлары құрылып, бекітілсін.
   - **30.09.2024 ж. дейін төмендегі іс – шаралар** өткізілсін:
   - «Балалар және төтенше жағдайлар» ТЖ сабағы (реферат, фотоесеп);
   - «Балалар достасады, тілдер достасады!» балалар сурет конкурсы (Қазақстан халықтарының тілдері күніне)

Педагогикалық кеңес төрайымы: Ж. Кенетова

Хатшы: Ж. Садыкбекова

**«Білэл ата» бөбекжай-балабақшасы**
**Педагогикалық кеңестің**
**№ 2 хаттамасы**

«18» қараша 2024 ж. Қатысқандар: 5

**Күн тәртібінде:**

1.Алдыңғы педагогикалық кеңестің тапсырмасының орындалуын талдау.
2. «МДҰ-да ойын технологиясы» хабарлама
3. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудағы даму технологиялары (презентация).
4. «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолының ұсақ моторикасын дамыту үшін ойын технологияларын қолдану» шеберлік сыныбы (жас топтардың тәрбиешілері).
5. **Педкеңес міндеті:**
- Тәуелсіздік күніне арналған суреттер көрмесі.
- «Біздің жаңа жылдық ғажайып» қолөнер байқау - конкурсы

**Бірінші мәселе** бойынша балабақша әдіскері Ж.Садыкбекова сөз сөйледі. Өткен педагогикалық кеңесте берілген тапсырмалар толығымен уақытылы орындалды. Сонымен қатар, «Балалар және төтенше жағдайлар» төтенше жағдай сабағы кезінде ерекше көзге түскен «Айгерім» ересек тобын айтуымызға болады. Балалардың өздерін шапшаң, жылдам қимылдауы ерекше болды десек те болады.

Сонымен бірге, «Балалар достасады, тілдер достасады!» тақырыбындағы сурет байқуында Таңатқызы Дара жәнс Сағындық Алинұр деген балалардың сурет салу қабілетінің ерекше екенідігін атап өтуге болады.

**Екінші мәселе** бойынша «МДҰ-да ойын технологиясы» хабарламасын тәрбиеші Г.Абдрахманова жасады. Хабарламасында ойын технология түрлеріне тоқталып өтті. Сонымен катар. өз тәжірибесінде колданатын ойын түрлерімен таныстырып өтті.

**Үшінші мәселе** бойынша «Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудағы даму технологиялары» тақырыбындағы хабарламаны тәрбиеші М.Дауренбекова жасады. Ол өз тәжіребиесін ортаға салып, бала тәрбиесінде қолданатын технологиялармен таныстырып өтті. Әр педагог өзінің жұмысында қолайлы, жүрегіне жақын болып табылатын технологиямен жұмыс жасағаны абзал.

**Төртінші мәселе** бойынша «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолының ұсақ моторикасын дамыту үшін ойын технологияларын қолдану» тақырыбындағы өз тәжірибесімен тәрбиеші ___________ бөлісті. Балалармен жасалған жұмыстарында қандай ойындар арқылы қол моторикасын дамытатындығын презентация арқылы айқын көрсете білді.

10 желтоқсанға дейін Тәуелсіздік күніне арналған суреттер көрмесін, 20 желтоқсанға дейін «Біздің жаңа жылдық ғажайып» қолөнер байқау – конкурсы өткізілуі тиіс.

**Қаулы:**

1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің тапсырмасының орындалуын қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. «МДҰ-да ойын технологиясы» хабарламасы назарға алынып, тәрбиешілер өз ұйымдастырылған іс – әрекеттерінде қолданысқа енгізсін.
3. «Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудағы даму технологиялары» хабарламасы назарға алынсын.
4. «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолының ұсақ моторикасын дамыту үшін ойын технологияларын қолдану» тақырыбындағы ______________ тәжірибесі қанағаттанарлық деп есептелсін.

5. 10 желтоқсанға дейін Тәуелсіздік күніне арналған суреттер көрмесі, 20 желтоқсанға дейін «Біздің жаңа жылдық ғажайып» қолөнер байқау – конкурсы өткізілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы: Ж. Бекметова

Хатшы: Ж. Садыкбекова

**«Білəл ата» бөбекжай-балабақшасы**
**Педагогикалық кеңестің**
**№ 3 хаттамасы**

«16» қаңтар 2025 ж.

Қатысқандар: 5

**Күн тəртібінде:**

1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімін орындау нəтижелері.
2. Үлгі бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг нəтижелері.
3. «Қазақ халқының халықтық салт-дəстүрлерімен таныстыру арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды патриоттық тəрбиелеу» хабарламасы
4. «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін ойын арқылы дамыту».
5. «Мектеп жасына дейінгі баланың танымдық құзыреттілігін ойын арқылы дамыту».
6. «Ересек мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мəдениетін тəрбиелеу құралы ретінде эксперименттік қызмет».
7. «Дене шынықтыру бойынша балабақшадағы тыныс алу жаттығулары».
8. **Педкеңес міндеті:**
   - 01.02-28.02.2025 ж. «Ғажайып қыс» қар фигуралары көрмесін өткізу.
   - 8 наурызға қолөнер жəне «Наурыз келеді!» шығармашылық жұмыс көрмесін ұйымдастыру.

**Бірінші мəселе** бойынша балабақша меңгерушісі Ж.Кинатова сөз сөйледі. Өткен педагогикалық кеңесте берілген тапсырмалар толығымен уақытылы орындалды.
Ал, «Біздің жаңа жылдық ғажайып» қолөнер байқау – конкурсына барлығы __ қатысса, оның __ Таңатқызы Дара жүлделі І орынға, __ Қайрат Раяна жүлделі ІІ орынға, Сағындық Алинұр жүлделі ІІІ орынға ие болды.

**Екінші мəселе** бойынша балабақша əдіскері Ж.Садыкбекова сөйледі. Қыркүйек айындағы бастапқы мониторинг қорытындысы төмендегідей болды:

| Топтар атауы | Барлық бала саны | Жоғары | | Орташа | | Төмен | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Бала саны | % | Бала саны | % | Бала саны | % |
| «Диана» ортаңғы топ | 25 | | | | | | |
| «Айгерім» ересек тобы | 25 | | | | | | |

Төмен нəтиже көрсеткен балалармен тəрбиешілер күнделікті циклограммаларында осы балалармен жеке жұмыс жүргізулері керек екендіктері баса айтылды.

**Үшінші мəселе бойынша** тəрбиеші «Қазақ халқының халықтық салт-дəстүрлерімен таныстыру арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды патриоттық тəрбиелеу» тақырыбында хабарлама жасады. Хабарламада балаларға ұлттық салт – дəстүрлерді кішкентайынан сіңіру үшін балабақшада осы сал – дəстүрлерді ойын түрінде ойнатып немесе сахналатып көрсетіп отырғанымыз дұрыс екендігін атап өтті.

**Төртінші мәселе** бойынша «Диана» тобының тәрбиешісі Г.Абдрахманова «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін ойын арқылы дамыту» тақырыбында өз тәжірибесімен бөлісті. Балалардың тілін дамытуда қандай ойындардың ерекше орын алатындығын атап өтті.

**Бесінші мәселе** бойынша «Мектеп жасына дейінгі баланың танымдық құзыреттілігін ойын арқылы дамыту» тақырыбында өз тәжірибесін тәрбиеші М.Дәуенбекова ортаға салды. Танымдық құзыреттілікті дамыту бағыттарына назар аударып, баланың танымдық құзыреттілігін дамыту жолдарын атап өтті.

**Алтыншы мәселе** бойынша «Ересек мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін тәрбиелеу құралы ретінде эксперименттік қызмет» түрлерін тәрбиеші Ж.Садықбекова ашып айта алды. Эксперименттік қызметтің маңыздылығын атап өтіп, оның түрлеріне тоқталды. Ол өз сөзін эксперименттік қызмет арқылы балалардың экологиялық мәдениетін тәрбиелеу олардың қоршаған ортаға деген жауапкершілікті қалыптастыруға, табиғатты қорғауға және өз іс-әрекеттерінің салдарын түсінуге көмектесуге болатындығымен қорытындылады.

**Жетінші мәселе** бойынша тәрбиешілерді күнделікті ұйымдастырылған іс – әрекет кезінде пайдалану үшін тәрбиеші А.Нерпебай тыныс алу жаттығуларымен таныстырып өтті.

Сондай – ақ, балабақша меңгерушісі Ж.Кинатова 01.02-28.02.2025 ж. «Ғажайып қыс» қар фигуралары көрмесін, ал 8 наурызға қолөнер және «Наурыз келеді!» шығармашылық жұмыс көрмесін ұйымдастыру қажет.

**Қаулы:**

1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің тапсырмасының орындалуын қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Бастапқы мониторинг қорытындысы бойынша тәрбиешілер балалармен жеке жұмысты жоспар бойынша жүйелі түрде жүргізілсін.
3. «Қазақ халқының халықтық салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды патриоттық тәрбиелеу» хабарламасы назарға алынып, тәрбиешілер өз ұйымдастырылған іс – әрекеттерінде қолданысқа енгізсін.
4. «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін ойын арқылы дамыту» хабарламасы назарға алынсын.
5. «Мектеп жасына дейінгі баланың танымдық құзыреттілігін ойын арқылы дамыту» тақырыбындағы Г.Абдрахманова тәжірибесі қанағаттанарлық деп есептелсін.
6. «Ересек мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін тәрбиелеу құралы ретінде эксперименттік қызмет» тәжірибесі назарға алынсын.
7. «Дене шынықтыру бойынша балабақшадағы тыныс алу жаттығулары күнделікті ұйымдастырылған іс – әрекетте кеңінен қолданысқа енгізілсін. тақырыбындағы
8. 01.02-28.02.2025 ж. «Ғажайып қыс» қар фигуралары көрмесі, 8 наурызға қолөнер және «Наурыз келеді!» шығармашылық жұмыс көрмесін ұйымдастыру өткізілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы: Ж. Кинатова

Хатшы: Ж. Садықбекова

**«Білəл ата» бөбекжай-балабақшасы**
**Педагогикалық кеңестің**
**№ 4 хаттамасы**

«17» наурыз 2025 ж. Қатысқандар: 5

**Күн тәртібінде:**

1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуын талдау.
2. «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған əдіс пен тəсілдер».
3. «Ойын – əлеуметтік мінез-құлықты, өзін-өзі көрсетуді қалыптастыру құралы ретінде» жұмыс тəжірибесінен.
4. «Балалармен қарым-қатынасты қалыптастыру бойынша тəрбиешілерге арналған ұсыныстар» (презентация).

**5. Педкеңес міндеті:**

- Патриоттық тəрбие бойынша папканы тексеруге дайындау.
- Гүл көшеттерін өсіру.
  01.05-не «Біздің сүйікті Қазақстан» байқау – конкурсы (үздік ұлттық бұрыш конкурсы)

**Бірінші мəселе** бойынша балабақша меңгерушісі Ж.Кинатова сөз сөйледі. Өткен педагогикалық кеңесте берілген тапсырмалар толығымен уақытылы орындалды. Атап айтар болсақ, 01.02-28.02.2025 ж. «Ғажайып қыс» қар фигуралары көрмесі, ал 8 наурызға қолөнер жəне «Наурыз келеді!» шығармашылық жұмыс көрмесі өтті. Топтар арасында «Айгерім» тобы белсенділік танытты.

**Екінші мəселе** бойынша балабақша əдіскері Ж.Садықбекова «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған əдіс пен тəсілдер» тақырыбында баяндама оқыды. Ол өз сөзінде балалардың коммуникативті құзыреттілігін дамыту үшін мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру үшін қолданылатын əдіс-тəсілдер бала тілінің дамуы мен əлеуметтік дағдыларын қалыптастыратындығын атап өтті. Бұл тəсілдер баланың өз ойларын дұрыс жеткізуі, тыңдай білуі, сұрақтар қоя білуі, эмоцияларын білдіруі, жəне басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас орната білуін қамтиды.

**Үшінші мəселе бойынша** тəрбиеші М.Дауренбекова «Ойын – əлеуметтік мінез-құлықты, өзін-өзі көрсетуді қалыптастыру құралы ретінде» тақырыбында хабарлама жасады. Ойын бала дамуының маңызды бөлігі болып табылады. Ол баланың өмірді тануына, қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауына, жəне өзін-өзі білдіруіне мүмкіндік беретіндігіне тоқталды.

**Төртінші мəселе** бойынша тəрбиеші А.Пернебай «Балалармен қарым-қатынасты қалыптастыру бойынша тəрбиешілерге арналған ұсыныстар» тақырыбында балалармен қарым-қатынасты қалыптастыруда тəрбиешілерге бірнеше пайдалы ұсыныстар айтты.

**Бесінші мəселе** бойынша тəрбиешілердің патриоттық тəрбие бойынша құжаттарын ретке келтіруді, гүл көшеттерін өсіруге дайындау қажеттілігі ескертілді. Сонымен қатар, 1 мамыр мерекесіне орай «Біздің сүйікті Қазақстан» байқау – конкурсы өтетіндігі ескертілді.

**Қаулы:**

1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің тапсырмасының орындалуын қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. ««Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған әдіс пен тәсілдер»» хабарламасы назарға алынып, тәрбиешілер өз ұйымдастырылған іс – әрекеттерінде қолданысқа енгізсін.
3. «Ойын – әлеуметтік мінез-құлықты, өзін-өзі көрсетуді қалыптастыру құралы ретінде» хабарламасы назарға алынсын.
4. Балалармен қарым-қатынасты қалыптастыру бойынша тәрбиешілерге арналған ұсыныстар күнделікті оқыту мен тәрбие барысында назарға алынсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы: ______ Ж.Кипатова

Хатшы: ______ Ж.Садыкбекова

**«Білал ата» бөбекжай-балабақшасы**
**Педагогикалық кеңестің**
**№ 5 хаттамасы**

«23» мамыр 2025 ж. Қатысқандар: 5

**Күн тәртібінде:**

1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуын талдау.
2. Үлгі бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг жүргізу туралы есеп.
3. Балалардың даму деңгейінің психологиялық диагностикасы.
4. Тәрбиешілерді жазғы сауықтыру маусымына арналған жұмыс жоспарымен таныстыру. Сабақ кестесін, күн тәртібін бекіту.

**Бірінші мәселе** бойынша балабақша меңгерушісі Ж.Кинатова сөз сөйледі. Өткен педагогикалық кеңесте берілген тапсырмалар толығымен уақытылы орындалды. Атап айтар болсақ, тәрбиешілердің патриоттық тәрбие бойынша құжаттарын ретке келтірілді. Балабақша ауласына гүл көшеттері егілді. Сонымен қатар, 1 мамыр мерекесіне орай «Біздің сүйікті Қазақстан» байқау – конкурсы өткізіліп, белсенділік танытқан арасында «Айгерім» топтарының тәрбиеленушілері марапатталды.

**Екінші мәселе** бойынша балабақша әдіскері Ж.Садықбекова үлгі бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг жүргізу туралы есебі тыңдалды.

**1. Есептің Мақсаты**

Бұл есептің мақсаты – мектепке дейінгі мекемеде үлгі бағдарламаның мазмұнын игеру деңгейін бақылау және талдау. Мониторинг барысында білім беру бағдарламасының балалардың дамуына және білім алуына әсерін бағалау көзделді.

**2. Мониторингтің Құрылымы**

- **Мониторингтің уақыты**: 2024 жылдың қаңтарынан маусымына дейін.
- **Қатысушылар**: Мектепке дейінгі мекеменің барлық топтары, тәрбиешілер, педагогтар және балалар.
- **Мониторинг құралдары**: Бақылау, сауалнама, балалардың жұмыстарын талдау, ата-аналар мен педагогтермен әңгімелесу.

**3. Мониторингтің Мақсаттары мен Міндеттері**

- **Бағдарламаның орындалуын бақылау**: Үлгі бағдарламаның барлық бөлімдерінің жүзеге асырылуын қадағалау.
- **Балалардың даму деңгейін бағалау**: Балалардың когнитивтік, әлеуметтік және эмоциялық дамуының көрсеткіштерін анықтау.
- **Оқыту әдістерінің тиімділігін анықтау**: Қолданылған оқыту әдістерінің балаларға әсерін және олардың даму нәтижелеріне қосқан үлесін бағалау.
- **Проблемалық аймақтарды анықтау**: Бағдарламаның орындалуында кездескен қиындықтар мен кедергілерді анықтап, оларды жою бойынша ұсыныстар жасау.

**4. Мониторинг Нәтижелері**

- **Бағдарламаның орындалуы**: Үлгі бағдарламаның мазмұны барлық топтарда толық орындалды. Тәрбиешілер мен педагогтер бағдарламаның талаптарын орындап, жоспарланған сабақтар мен іс-шараларды өткізді.
- **Балалардың даму деңгейі**:

- **Когнитивтік даму**: Балалардың логикалық ойлау, есептеу, және тілдік дағдыларының деңгейі артқандығы байқалды.
- **Әлеуметтік және эмоциялық даму**: Балалардың өзара қарым-қатынас жасау дағдылары, топпен жұмыс істеу қабілеттері дамыды.

- **Оқыту әдістерінің тиімділігі**: Қолданылған оқыту әдістері балалардың дамуына оң әсер етті. Әсіресе, ойын арқылы оқыту және шығармашылық тапсырмалар тиімді болды.
- **Проблемалық аймақтар**: Кейбір топтарда балалардың белгілі бір дағдыларын дамытуда қиындықтар анықталды. Олардың ішінде тіл дамытуда артта қалушылық және кейбір әлеуметтік дағдылардың жетіспеушілігі байқалды.

**5. Қорытындылар**

- **Бағдарламаның тиімділігі**: Үлгі бағдарлама балалардың жан-жақты дамуына оң әсер етті. Бағдарлама мазмұны балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес және даму деңгейлеріне қолайлы болды.
- **Кейбір бағыттар бойынша жетілдіру қажеттілігі**: Белгілі бір дағдылар бойынша қосымша жұмыс қажет екені анықталды. Әсіресе, тіл дамыту және әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру бағытында қосымша шаралар қарастырылуы тиіс.

**6. Ұсыныстар**

- **Қосымша қолдау көрсету**: Тіл дамытуда және әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруда артта қалған балалармен қосымша жұмыстар жүргізу.
- **Педагогтардың біліктілігін арттыру**: Тәрбиешілер мен педагогтерге арналған тренингтер мен семинарлар ұйымдастыру арқылы оқыту әдістемелерін жетілдіру.
- **Ата-аналармен ынтымақтастықты күшейту**: Ата-аналармен бірлесіп жұмыс істеу арқылы балалардың дамуына әсер ететін ортақ шараларды жүзеге асыру.
- **Мониторингті тұрақты түрде жүргізу**: Бағдарламаның орындалуын тұрақты бақылау және балалардың дамуын үздіксіз бағалап отыру.

**Үшінші мәселе бойынша** балабақша әдіскері Ж.Садыкбекова есебі тыңдалды. Балалардың даму деңгейінің психологиялық диагностикасы бойынша диагностикалық зерттеу нәтижесінде баланың күшті және әлсіз жақтары, дамуындағы ерекшеліктері анықталып, тәрбиешіге жұмыс жасау үшін ұсыныстар берілгендігін атап өтті.

**Төртінші мәселе** бойынша балабақша әдіскері жазғы сауықтыру жоспарымен таныстырды. Балалардың күн тәртібімен таныстырып өтті. Тәрбиешілердің жазғы сауықтырудың перспективалық жоспары мен циклограммаларын дайындап бекіту қажеттіліктері ескертілді.

**Қаулы:**

1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің тапсырмасының орындалуын қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Балабақша әдіскері Ж.Садыкбекова үлгі бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг жүргізу туралы есебі қанағаттанарлық деп есептелсін.
3. Балабақша психологы есебі қанағаттанарлық деп бағаланып, ұсыныстар жұмыс барысында ескерілсін.
4. Балабақшаның жазғы сайықтыру жоспары мен күн тәртібі бекітілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы: ________ Ж. Канатова

Хатшы: ________ Ж. Садыкбекова

**БЕКІТЕМІН**

**«Біләл ата» бөбекжай-балабақшасы»**
**ЖИИС-нің меңгерушісі**
**_____________Ж.Кипатова**
**29.08.2025 жыл**

## «Біләл ата» бөбекжай-балабақшасының педагогикалық кеңесінің 2025 – 2026 оқу жылына арналған жоспары

**Мақсаты:** оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігін арттыру, педагогтардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіру, жаңа әдіс-тәсілдерді енгізу.

| № | Педагогикалық кеңестің тақырыбы | Өткізу нысаны | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| **№ 1 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС** | | | | |
| 1 | «Педагогикалық старт» – жылдық жоспардың презентациясы, бағдарламалық-әдістемелік сүйемелдеуді, ОЖЖ бекіту | Презентация | Қыркүйек | Меңгеруші, әдіскер |
| 2 | «Жаңа оқу жылында МЖМБС талаптарын іске асырудың ерекшеліктері» | Пікірталас | Қыркүйек | Әдіскер, |
| 3 | «Педагогтың кәсіби құзыреттілігін арттыру жолдары» | Шеберлік сағаты | Қыркүйек | Меңгеруші, әдіскер |
| **№ 2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС** | | | | |
| 1 | «Экологиялық мәдениетті қалыптастырудың заманауи тәсілдері» | Тәжірибе алмасу | Қараша | Тәрбиешілер |
| 2 | «Балалардың бейімделу кезеңіндегі психологиялық қолдау» | Дөңгелек үстел | Қараша | Меңгеруші, әдіскер |
| 3 | «Ойын арқылы оқыту – шығармашылық қабілеттерді дамыту құралы» | Шеберлік сынып | Қараша | Тәрбиешіер |
| **№ 3 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС** | | | | |
| 1 | «Балалардың функционалдық сауаттылығын дамытудағы жаңа әдіс-тәсілдер» | Панельдік талқылау | Қаңтар | Тәрбиешілер |
| 2 | «Цифрлық технологияларды мектепке дейінгі ұйымдарда қолдану» | Тренинг | Қаңтар | Әдіскер, |
| 3 | «Ерекше білім беру: ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс тәжірибесі» | Пікірталас | Қаңтар | Меңгеруші, әдіскер |
| **№ 4 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС** | | | | |
| 1 | «Балалардың өз қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау мәдениетін қалыптастыру» | Тайм-практик | Наурыз | Тәрбиешілер |
| 2 | «Отбасы және балабақша ынтымақтастығы – табысты тәрбиенің кепілі» | Дөңгелек үстел | Наурыз | Әдіскер, тәрбиешілер |
| 3 | «Тәрбиеші еңбегіндегі | Пікірталас | Наурыз | Әдістемелік |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | инновациялық әдістемелер» | | | бірлестік |
| **№ 5 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС** | | | | |
| 1 | «20__/20__ оқу жылындағы МДҰ жұмысының қорытындысы» | Шығармашылық есеп | Мамыр | Әдіскер, |
| 2 | «Жетістіктер мен кемшіліктерді талдау, келесі жылға ұсыныстар» | Аналитикалық талдау | Мамыр | Әдістемелік кеңес |
| 3 | «Жаңа оқу жылына дайындық: басым бағыттар» | Презентация | Мамыр | Меңгеруші, әдіскер |

**ХАТТАМА**
**№ 1 педагогикалық кеңес**
29 тамыз 2025 жыл

**Өтетін орны:** Балабақша мәжіліс залы
**Қатысқандар:** меңгеруші, әдіскер,тәрбиешілер, ата-аналар комитеті өкілдері (барлығы __6 адам)
**Кеңес төрағасы:** Ж.Кинатова
**Хатшы:** Н.Айдарханова

---

## КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Педагогикалық старт» – жылдық жоспардың презентациясы, бағдарламалық-әдістемелік сүйемелдеуді, ОЖЖ бекіту.
2. «Жаңа оқу жылында МЖМБС талаптарын іске асырудың ерекшеліктері».
3. «Педагогтың кәсіби құзыреттілігін арттыру жолдары».

---

**1-мәселе:**
**«Педагогикалық старт» – жылдық жоспардың презентациясы, бағдарламалық-әдістемелік сүйемелдеуді, ОЖЖ бекіту.**
**Баяндамашы:** Меңгеруші, әдіскер
**Тыңдалды:**
Меңгеруші 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын таныстырды. Жоспардың негізгі бағыттарына тоқталды:

- Балабақшаның білім беру бағдарламаларын толыққанды жүзеге асыру;
- Оқу-тәрбие процесінде жаңа әдістемелерді енгізу;
- Балалардың жас ерекшеліктеріне сай дамытушы ортаны құру;
- Әдістемелік сүйемелдеу мен педагогтарға қолдау көрсету;
- Материалдық-техникалық базаны нығайту және ата-аналармен бірлескен жұмыстарды жандандыру.

**Ұсыныстар:**

- Жоспар бекітілсін, әр айдағы іс-шаралардың орындалуына жауапты тұлғалар тағайындалсын.
- Әрбір тәрбиеші бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес айлық жоспарларын әзірлесін.

---

**2-мәселе:**
**«Жаңа оқу жылында МЖМБС талаптарын іске асырудың ерекшеліктері».**
**Баяндамашы:** Әдіскер, проблемалық топ жетекшілері
**Тыңдалды:**
Әдіскер МЖМБС талаптарын орындаудағы негізгі бағыттарды атап өтті:

- Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып білім беру процесін ұйымдастыру;
- Тәрбиешілердің оқу-тәрбие жұмысын жаңа әдіс-тәсілдермен толықтыру;
- Ойын арқылы оқыту мен құзыреттілікке негізделген тәсілдерді пайдалану.

**Ұсыныстар:**

- Барлық педагогтар стандарт талаптарына сәйкес жұмыс жүргізсін;
- Проблемалық топ жетекшілері тәрбиешілерге әдістемелік көмек көрсетсін;
- Ай сайын тәжірибе алмасу, әдістемелік кеңестер ұйымдастырылсын.

---

**3-мәселе:**
**«Педагогтың кәсіби құзыреттілігін арттыру жолдары».**
**Баяндамашы:** Әдіскер Ж.Садыкбекова

**Тыңдалды:**
Әдіскер Ж.Садыкбекова педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру – заманауи талап екенін атап өтті.

- Педагогтардың үздіксіз білім жетілдіру курстарынан өтуінің маңызы;
- Шеберлік сыныптары мен семинарлар арқылы тәжірибе алмасу қажеттілігі;
- Заманауи цифрлық технологияларды меңгеру дағдыларын арттыру;
- Психологиялық қолдау көрсету ортасын қалыптастыру жолдарын ұсынды.

**Ұсыныстар:**

- Әр педагог жыл ішінде кәсіби даму жоспарын жасасын;
- Балабақша ішінде тәжірибелі педагогтардың шеберлік сағаттары өткізіліп тұрсын;
- Әдіскер ай сайын педагогтардың кәсіби даму деңгейін бақылап, талдау жүргізсін.

---

**ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМДЕР:**

1. Балабақшаның 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жоспары бірауыздан бекітілсін.
2. МЖМБС талаптарын орындау барысында тәрбиешілерге әдістемелік көмек көрсетілсін, әр айда тәжірибе алмасу шаралары ұйымдастырылсын.
3. Педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында курстар, семинарлар, шеберлік сағаттары тұрақты түрде өткізілсін.
4. Әр педагог өзінің кәсіби даму жоспарын жасап, жыл соңында қорытындысын тапсыратын болсын.

---

**Төраға:** ____________ Ж. Жекатова

**Хатшы:** ____________ Н. Айдарханова

**«Білэл ата» бөбекжай-балабақшасы**
**№ 2 педагогикалық кеңес**
**ХАТТАМАСЫ**

Қараша, 2025 жыл

**Өтетін орны:** Балабақша мәжіліс залы
**Қатысқандар:** меңгеруші, әдіскер, педагог-психолог, тәрбиешілер (барлығы ___ адам)
**Кеңес төрағасы:** Ж.Кинатова
**Хатшы:** А.Пернебай

---

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. «Экологиялық мәдениетті қалыптастырудың заманауи тәсілдері».
2. «Балалардың бейімделу кезеңіндегі психологиялық қолдау».
3. «Ойын арқылы оқыту – шығармашылық қабілеттерді дамыту құралы».

---

**1-мәселе:**
**«Экологиялық мәдениетті қалыптастырудың заманауи тәсілдері»**
**Баяндамашы:** М.Дауренбекова
**Тыңдалды:**
– Экологиялық тәрбиенің маңыздылығы, балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру жолдары айтылды.
– Балабақшада экологиялық бұрыш, табиғат мүйісі, маусымдық бақылау күнделіктерін жүргізудің тиімділігі түсіндірілді.
– Әдіскер экологиялық мәдениетті қалыптастыруда ойын, тәжірибе, серуен, жобалық әдістердің орны ерекше екенін атап өтті.
**Ұсыныстар:**
– Әр топта экологиялық көрнекіліктер жасалсын;
– «Жас табиғат жанашыры» атты жобалық жұмыстар қолға алынсын;
– Балалармен «Эко-апта», «Таза аула» сияқты іс-шаралар өткізілсін.

---

**2-мәселе:**
**«Балалардың бейімделу кезеңіндегі психологиялық қолдау»**
**Баяндамашы:** Ж.Садыкбекова
**Тыңдалды:**
– Жаңа келген балалардың бейімделу қиындықтары талқыланды;
– Балабақшаға алғаш келген балаларға ата-анамен бірлескен қолдау жұмыстарының маңызы көрсетілді;
– Балалардың эмоционалды жай-күйін тұрақтандыруға арналған ойындар мен жаттығулар ұсынылды.
**Ұсыныстар:**
– Психолог бейімделу картасын жүргізсін;
– Тәрбиешілер балалардың көңіл-күйін бақылап, ата-аналарға күнделікті мәлімет беріп отырсын;
– Жаңа балаларға «досыңмен таныс» және топтық ойындар жиі өткізілсін.

---

**3-мәселе:**
**«Ойын арқылы оқыту – шығармашылық қабілеттерді дамыту құралы»**
**Баяндамашы:** Ж.Садыкбекова

**Тыңдалды:**

– Балаларға білім беруде ойынның рөлі ерекше екені аталды;

– Шығармашылық қабілетті дамыту үшін ойын-тренингтер, дамытушы ойындар тиімді екендігі айтылды;

– Педагогтар өз тәжірибесінен мысалдар келтірді.

**Ұсыныстар:**

– Әр топта аптасына кемінде бір шығармашылық ойын сабағы жоспарлансын;

– «Ойын арқылы үйренеміз» әдістемелік жинағы жасалсын;

– Тәрбиешілер тәжірибе алмасу мақсатында ашық сабақ өткізсін.

---

**ШЕШІМДЕР:**

1. Экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған айлық іс-шаралар жоспары жасалсын.
2. Балалардың бейімделу кезеңінде психологиялық қолдау жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
3. Ойын арқылы оқытуды шығармашылық қабілеттерді дамытуда негізгі әдіс ретінде пайдалану жалғастырылсын.

---

**Төраға:** ____________ Ж.С. Жекатова

**Хатшы:** ____________ А. Пернебаси

**«Білол ата» бөбекжай-балабақшасы**
**№3 педагогикалық кеңес**
**ХАТТАМАСЫ**

Қантар, 2026 жыл

**Өтетін орны:** Балабақша мәжіліс залы
**Қатысқандар:** меңгеруші, әдіскер, педагог-психолог, тәрбиешілер, педагог (барлығы 6 адам)
**Кеңес төрағасы:** Ж.Кинатова
**Хатшы:** Ж.Садылбекова

## КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Балалардың функционалдық сауаттылығын дамытудағы жаңа әдіс-тәсілдер».
2. «Цифрлық технологияларды мектепке дейінгі ұйымдарда қолдану».
3. «Ерекше білім беру: ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс тәжірибесі».

**1-мәселе:**
**«Балалардың функционалдық сауаттылығын дамытудағы жаңа әдіс-тәсілдер»**
**Баяндамашы:** Проблемалық топ жетекшілері
**Тыңдалды:**
– Балалардың функционалдық сауаттылығы дегеніміз – алған білімді күнделікті өмірде қолдана білу қабілеті екені түсіндірілді.
– Тәрбиешілер функционалдық сауаттылықты дамытуда ойын технологиялары, дамытушы тапсырмалар, зерттеу әдістерінің маңызына тоқталды.
– Балалардың тілдік, математикалық, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру жолдары көрсетілді.
**Ұсыныстар:**
– Функционалдық сауаттылықты дамыту бойынша ай сайын ашық сабақтар ұйымдастырылсын;
– Әдіскер тарапынан әр топ үшін әдістемелік нұсқаулық дайындалсын;
– Тәрбиешілер балалардың күнделікті өмірімен байланысты тапсырмаларды көбірек қолдансын.

**2-мәселе:**
**«Цифрлық технологияларды мектепке дейінгі ұйымдарда қолдану»**
**Баяндамашы:** Әдіскер, педагог
**Тыңдалды:**
– Білім беру процесіне заманауи цифрлық құралдарды енгізудің маңызы айтылды.
– Интерактивті тақта, мультимедиялық бағдарламалар, бейнематериалдарды қолдану арқылы балалардың қызығушылығы арта түсетіні түсіндірілді.
– Балалардың цифрлық сауаттылығын дамыту жолдары көрсетілді.
**Ұсыныстар:**
– Әр топта айына бір рет мультимедиялық сабақ өткізілсін;
– Педагогтарға арналған IT-құралдарды пайдалану бойынша тренингтер ұйымдастырылсын;
– Цифрлық технологияларды пайдалану тәжірибесі әдістемелік бұрышта жинақталсын.

**3-мәселе:**
**«Ерекше білім беру: ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс тәжірибесі»**
**Баяндамашы:** Логопед, педагог-психолог
**Тыңдалды:**
– Ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуына жағдай жасау мәселесі көтерілді.
– Жеке білім беру бағдарламаларының тиімділігі аталды.
– Инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда тәрбиеші, логопед, психологтың бірлескен жұмысы талқыланды.
**Ұсыныстар:**
– Әр ерекше баланың жеке даму картасы жасалсын;
– Педагогтар арнайы әдістемелік әдебиеттерді пайдалансын;
– Ата-анамен тығыз байланыс орнатылсын.

**ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМДЕР:**
1. Функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдер тәрбиешілердің тәжірибесінде тұрақты қолданылсын.
2. Балабақшада цифрлық технологияларды пайдалану жүйелі түрде жолға қойылсын.
3. Ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін жеке даму бағдарламалары әзірленіп, жүзеге асырылсын.

**Төраға:** ______ Ж.С. Жекатова
**Хатшы:** ______ М. Садыкбекова

**«Білол ата» бөбекжай-балабақшасы**
**№4 педагогикалық кеңес**
**ХАТТАМАСЫ**

Наурыз, 2026 жыл

**Өтетін орны:** Балабақша мәжіліс залы
**Қатысқандар:** меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, ата-аналар комитеті (барлығы ___ адам)
**Кеңес төрағасы:** Ж.Кинатова
**Хатшы:**Г.Тузакбаева

---

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. «Балалардың өз қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау мәдениетін қалыптастыру».
2. «Отбасы және балабақша ынтымақтастығы – табысты тәрбиенің кепілі».
3. «Тәрбиеші еңбегіндегі инновациялық әдістемелер».

---

**1-мәселе**
**«Балалардың өз қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау мәдениетін қалыптастыру»**
**Баяндамашы:**М.Дауренбекова
**Тыңдалды:**
– Балалардың қауіпсіздік ережелерін меңгеруі және күнделікті өмірде қолдануының маңызы атап өтілді.
– Өрт, электр қауіпсіздігі, жолда жүру ережелері және тұрмыстық жарақаттардың алдын алу бойынша әдістемелік нұсқаулар ұсынылды.
– Балалардың жеке бас гигиенасын сақтау дағдыларын қалыптастыру жолдары көрсетілді.
**Ұсыныстар:**
– Әр топта «Қауіпсіздік ережелері бұрышы» жасақталсын;
– Ай сайын қауіпсіздік тақырыбына арналған ашық сабақтар өткізілсін;
– Балалармен «Денсаулық күні» шаралары ұйымдастырылсын.

---

**2-мәселе**
**«Отбасы және балабақша ынтымақтастығы – табысты тәрбиенің кепілі»**
**Баяндамашы:** Әдіскер, тәрбиешілер
**Тыңдалды:**
– Ата-анамен өзара қарым-қатынас орнатудың тиімді жолдары қарастырылды.
– Отбасының тәрбиелік рөлі және балабақшадағы тәрбие жұмысының өзара байланысы талқыланды.
– Ата-аналармен ынтымақтастық орнатуда «Ашық есік күндері», бірлескен жобалар мен мерекелік шаралардың маңызы атап өтілді.
**Ұсыныстар:**
– Әр топта ата-аналар комитетінің жұмысы жандандырылсын;
– Ата-анамен бірлескен «Отбасылық құндылықтар» жобасы іске қосылсын;
– Балалардың жетістіктері бойынша ата-аналарға тұрақты ақпарат беріліп отырсын.

---

**3-мәселе**
**«Тәрбиеші еңбегіндегі инновациялық әдістемелер»**
**Баяндамашы:** Әдіскер
**Тыңдалды:**
– Тәрбиешілердің педагогикалық тәжірибесінде қолданылып жүрген инновациялық әдістемелер талқыланды.
– Ойын арқылы оқыту, жобалық әдіс, STEAM технологияларын қолдану тәжірибесі

көрсетілді.

– Инновациялық әдістердің балалардың танымдық белсенділігін арттырудағы тиімділігі аталды.

**Ұсыныстар:**

– Тәрбиешілер өз тәжірибесінде жаңа әдіс-тәсілдерді енгізсін;

– Инновациялық әдістер бойынша тәжірибе алмасу семинарлары өткізілсін;

– Жыл соңында «Үздік инновациялық әдіс» байқауы ұйымдастырылсын.

---

**ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМДЕР:**

1. Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау мәдениетін қалыптастыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
2. Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған бірлескен іс-шаралар өткізілсін.
3. Инновациялық әдістерді қолдану тәжірибесі кеңейтіліп, үздік педагогикалық бастамалар қолдау тапсын.

---

**Төраға:** ____________________Ж.Кинатова

**Хатшы:** ____________________Г.Тузакбаева

**«Білал ата» бөбекжай-балабақшасы**
**№5 педагогикалық кеңес**
# ХАТТАМАСЫ

Мамыр, 2026 жыл

**Өтетін орны:** Балабақша мәжіліс залы
**Қатысқандар:** меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, әдістемелік кеңес мүшелері (барлығы ___ адам)
**Кеңес төрағасы:** Ж.Кинатова
**Хатшы:** Г.Тузакбаева

---

## КҮН ТӘРТІБІ:

1. «2025–2026 оқу жылындағы мектепке дейінгі ұйым жұмысының қорытындысы».
2. «Жетістіктер мен кемшіліктерді талдау, келесі жылға ұсыныстар».
3. «Жаңа оқу жылына дайындық: басым бағыттар».

---

**1-мәселе**
**«2025–2026 оқу жылындағы мектепке дейінгі ұйым жұмысының қорытындысы»**
**Баяндамашылар:** Әдіскер
**Тыңдалды:**
– Әдіскер оқу жылы бойынша жүргізілген тәрбие-білім беру процесінің қорытындысын ұсынды.
– Жыл ішінде өткізілген ашық сабақтар, мерекелік іс-шаралар, әдістемелік жұмыстар сараланды.
**Ұсыныстар:**
– Жыл ішінде орындалған жұмыстарды жинақтап, тәжірибелік-әдістемелік қор құрастырылсын;
– Балалардың жеке жетістіктерін көрсететін портфолио жасалсын;
– Педагогтар арасында үздіктерді марапаттау дәстүрге айналсын.

---

**2-мәселе**
**«Жетістіктер мен кемшіліктерді талдау, келесі жылға ұсыныстар»**
**Баяндамашы:** Әдістемелік кеңес мүшелері
**Тыңдалды:**
– Әдістемелік кеңес мүшелері жылдық жұмысты талдап, жетістіктер мен олқылықтарды атап өтті.
– Тәрбиешілердің кәсіби өсуі, инновациялық әдістерді енгізуі оң нәтиже бергені айтылды.
– Кейбір бағыттарда ата-анамен жұмысты күшейту, әдістемелік жұмысты жүйелеу қажеттілігі көрсетілді.
**Ұсыныстар:**
– Келесі жылы ата-аналармен серіктестікті арттыруға ерекше көңіл бөлінсін;
– Педагогтар арасында тәжірибе алмасу жұмыстары күшейтілсін;
– Жаңа оқу жылында тәрбиешілердің кәсіби дамуына арналған семинар-тренингтер жиі өткізілсін.

---

**3-мәселе**
**«Жаңа оқу жылына дайындық: басым бағыттар»**
**Баяндамашылар:** Меңгеруші, әдіскер

**Тыңдалды:**
– Жаңа оқу жылының стратегиялық бағыттары таныстырылды.
– Материалдық-техникалық базаны нығайту, оқу-әдістемелік қорды толықтыру жұмыстары аталды.
– Балалармен тәрбиелік-білімдік жұмыстың басым бағыттары анықталды.
**Ұсыныстар:**
– Жаңа оқу жылына дайындық жоспары жасалсын;
– Педагогтар жазғы демалыс кезеңінде әдістемелік әдебиеттермен жұмыс жасасын;
– Топ бөлмелерінде дамытушы орталықтар жаңартылсын.

---

**ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМДЕР:**

1. 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс қорытындысы бекітілсін.
2. Жетістіктерді арттыру, кемшіліктерді жоюға бағытталған нақты іс-шаралар жоспары құрылсын.
3. Жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары уақытылы және жүйелі түрде жүргізілсін.

---

**Төраға:** ____________________ Ж.Кинатова
**Хатшы:** ____________________ Г.Тузакбаева